



# «Алтын күнге тура аққан,

Әр ұлт өзінің біртуар азаматтарымен, батырларымен мақтанады. Сондай мақтанатын, мақтан ететін нағыз батырымыз, ол – Тоқтар ӘУБӘКІРОВ.

## Түркі әлемінің ТҰҢҒЫШЫ

атақ-даңқы қандай жоғары болса, соншалықты қарапайымдығы, кісілердің бәрімен мейірімді жүзбен қауышып, үлкендерге ілтипатпен қолын беріп, басын иіп амандасатын кісілік қалпымен әр жүректің төрінен берік орын алды. Батырдың жымияған күлкісінің өзі тым ерекше ғой. Әр адамға көңіл бөліп, қай-қайсына да айтатын бір жылы сөз табады, сол көркем мінезі ешқашан өзгерген емес. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы мен осы батыр бауырымнан көріп, тәнті болып келемін.

Тағы бір атап өтетінім Тоқаңның адалдығы, ашық айтып, әділдікті қалайтын таза жүрегі, дәрежесі жоғары екен деп ешкімнің алдында бас имейтін батылдығы, алмас қылыштай өткірлігі.

Тоқаң біздің ұйымдастыратын кездесулеріміз де кең танымал, атағы жер жарып тұр ғой, ал бізде осындай жаннан жастар үлгі алса екен, батырдың азаматтығы, принципшілдігінен үлгі алса, сол асыл қасиеттерді бойларына дарытса екен деген мақсат болды. Тоқаңның алғаш ғарышқа ұшқанына бір жыл толғанда біз Қарағандыда осы тарихи оқиғаға арнап, республикалық, халықаралық деуге де болады, айтыс өткіздік. Сонда Тоқаңның өзі арнайы келіп, риза болғаны, айтыскерлерге тілегін айтып, әрқайсын қанаттандырғанына куә болдым. Сол айтыстың бірінші жүлдесін алған ақын Баянғали Әлімжанов үнемі «көптеген айтыстарға қатысып, жүлде алып жүрмін ғой, бірақ Қарағандыдағы Кеңілердің мәдениет сарайындағы сол айтыс, ондағы жеткен жеңісім мен үшін айрықша қымбат» деп айтып жүрді. Біз мәдениет сарайының сахнасына ақбоз атты алып шығып, оны Тоқаңның өзі тапсырған болатын. Сонда Тоқаң аса бір ризашылық сезімде айтыскерлерге құрмет көрсетті.

Тоқаң Қарағандыға келгенде жастармен арнайы кездесіп, Талғат Бигелдинов атындағы мектепте, басқа да оқу орындарында жастардың жүрегіне әр сөзін жеткізе білетіні, азаматтық пен көркем мінезді қалай қалыптастыру керекін айтып, ұлтына деген махаббатың басым болсын деп, жастарға өсиет айтатын.

Тоқтар Оңғарбайұлының кезінде МИГ-29 реактивті ұшағын авиатасушы крейсердің палубасына асқан шеберлікпен қондырған ерлігі, ал оған дейін әуе кеңістігінде ұшағына екі рет жанармай құю арқылы солтүстік полюске ұшып барған ерлігі бізге аңыз болып жетті. Осындай ерліктері үшін Кеңес Одағының батыры атанған даңқты бауырымызды, көрегендігі болар, Қарағанды облысына шақырып, жастармен тұңғыш кездестірген сол кездегі пединституттың ректоры Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов болатын. Жас батырды туған жерде түлетіп, көптеген кездесулер ұйымдастырды, Тоқаң жайлы газеттерге жазылып, телеарналардан көрсетілді. Осы кезден бастап, мен бір жағы қызмет бабымен, екіншісін туған бауырымдай көркем мінезімен тәнті еткен Тоқаңмен жиі араластым десем болады.

Ал, бірінші президентіміз – Елбасы Н.Назарбаев СССР-дің 72-ші космонавты, Кеңес Одағының батыры Тоқтар Әубәкіровті «түркі жұртының тұңғышы болып, ғарышты бағындыруы керек» деп, елге шақырғаннан кейін, Тоқаңның ғарышқа ұшқандағы халықтың шексіз қуанышы, ерекше сезімін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Ұлан-асыр той дүбірі бүкіл қазақ даласын дүрілдеткені мәңгі көз алдымда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қолқалап, қолдауымен ғарышқа жолы ашылғанын Тоқаң өзі де үнемі айтып жүреді. Қазақ деген халықтың атын айдай әлемге танытып, Тоқтар Оңғарбайұлының ғарыш кеңістігін бағындырған ерлігіне биыл күзде Тәуелсіздігімізбен қатар 30 жыл толатынын да ұмытпауымыз керек.

Ресейде ұзақ жылдар қызмет етіп, ғарыштан космонавт болып оралғаннан кейін, батырдың ең бірінші халықпен кездесулері, әрине Қарағанды облысынан басталғанда қасында жүрдім. Менің байқағаным, ол кісінің халыққа деген махаббатының шексіздігі. Айта кететін бір жайт М.Мамыраев атындағы шағын ауылдан үш бірдей батырдың шыққаны белгілі, ол біздің Тоқаң, Мартбек Мамыраев және Еңбек Ері Нұрбақыт Кабдыкәрімова.

Тоқаң шуақ шашқан жылы жүзі,

Тіл мәселесі көтерілгенде ұятты болып қалатын сәттеріміз жиі ұшырасып тұрады. Әсіресе, ел алдында жүрген кей азаматтардың ана тілін ысырып тастап, ресми тілде көбірек шүйіркелесе жөнелетіні жаңа бататыны жасырын емес. Осындайда, «Шіркін, буларда Тоқтар ӘУБӘКІРОВТІҢ бойындағы намыстың ұшқыны болса ғой» дейсің еріксіз. Иә, батыр Тоқтар көп қазаққа ерлігімен ғана емес, рухымен де үлгі боларлық тұлға. Әсіресе, ұлттық құндылық пен тіл мәселесін батырдан артық батырып айтар ешкім жоқ.

Тоқтар Әубәкіровтің балалық шағы Кеңес одағының қылышынан қан тамып тұрған қысылтаяң шаққа деп келді. Интернационализм ұраны жер жарып, қазақылыққа қарсы қарқынды күрес басталған кезең. Орыс тілі санге шығып, жастардың дені ана тілінде амандасудан әріге бара алмайтын деңгейге жетті. Солардың сапында Тоқтар Әубәкіров те бар. «Неге өйткені?» деп кінә таға алмаймыз, әрине. Заманы сондай болды. Білім алған жері, араласқан ортасы орыс тілді. Қазақ тілінің өрісі тарылып, ауылға қарай ығысқан. Мұндай жағдайда тәрбие алған адамның тілі де өзгеріп кетуі заңды құбылыс.

Сөйтіп, батыр өзінің авиация саласындағы карьерасын орыс тілді қазақ болып бастады. Бертінде дейін солай болған да. Мұны өзі де жоққа шығармайды. Бұл туралы Қасқырбай Қойшымановқа берген сұхбатында «Басында мен де, Талғат та (Талғат Мұсабаев – авт.) қазақша дұрыс сөйлей алмайтынбыз. Амандасып, ары қарай өзге тілде шүлдірлей кететін едік. Кейін үлкен аға-апаларым сын айтты. Осыдан соң санама нықтадым. «Мен неге өз тілімде сайрап тұрмаймын осы» дедім өзіме-өзім қамшы басып. Ең бас-

«Офицерлер өзінің адалдығын жеткізу үшін «Честь имею!» дейді ғой, міне Отанға адалдықтарың офицердікіндей болсын, ұлтқа қызметті басты ұстаным етіп алындар дегенінде жастардың көздері жанып, Тоқаңа қарап, шіркін, мен де осындай болсам деп, жігерленіп тұратын.

Қарағандыда өткен үлкен концерттік бағдарламада біздің жақсы музыкант-композитор Кагенов деген азамат Олжас Сүлейменовтің «Земля, поклонись человеку!» деген поэмасы бойынша, симфониялық шығарма жазды. Соған арнайы келіп қатысқан Тоқаң шығармашылық топқа алғыс айтып, қатты риза болды. Тоқаңның бір ерекшелігі ауылда туып өскен, ауыл мектебінде білім алған, сол туған жерге деген махаббаты ерекше, елге деген құрметі өзгеше және ол ешқашан да ортаймайды. Тоқаңның екі мәрте батыр Талғат Бигелдиновті пір тұтқанын білемін, сол кісіні облысқа арнайы алып келіп, оның ішінде туған жері Мартбек Мамыраев ауылына апарып, сонда ашылған музейді аралатып, халықпен, үлкендермен кездестіріп, Қоянды жәрмеңкесінің орны сияқты тарихи орына апарып қайтқаны да естен кетпес сапар болып еді.

Тағы бірде Еңбек Ері Нұрбақыт Кабдыкәрімованың 60 жасқа толған мерейтойы Қарқаралыда, Мәдениет сарайында өтіп жатыр. Тоқаң келуі керек еді, бірақ келе алмайтын болды, «ол кісі Мәскеуде» деген хабар жетті. Бір сәтте салтанатты шара орта шеніне жетіп қалғанда, залға маңдайы жарқырап Тоқаң кіріп келгенде, сахнада отырған Нұрбақыттың көзінен жас ыршып кетті, батыр қызымыздың түрін көргенде бәріміз де көңіліміз босады. Бұл әрине,



Рымбала ОМАРБЕКОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

## Арнау

Тәубе етіп жаратушы сақтағанға,  
Тоқымсыз жайдақ мініп ақтабанға.  
Басында атамиздың шабамыз ба,  
Асында Абылайдың шаптағанда?

Келіпті жетпіс беске Тоқтар аға,  
Ғарышқа ел қазығын қаққан аға.  
Әлемге паш еткенде қазақ атын,  
Бөркімді көкке қарай атқам, Аға.

Жұртының бола білген мақтаны ағам,  
Батырым, алтын жұлдыз таққан ағам.  
Жүргенде көп пенделер жерде құлап,  
Аспанда ұлт шырағын жаққан ағам.

Долада тұлпар сынды тоқтамаған.  
Қашанда шындық сөзін айтқан ағам.  
Біледі ел қадірін, жер қадірін,  
Биікке ұшып, жерге қайтқан ағам.

Ерлігі маңғаз нарлық тұлғасында,  
Кеңдігі Сарыарқаның сұлбасында.  
Атағы Алатаудың шың басында,  
Есімі жатпалынар мың ғасырда.

Тойы бұл ұлан-асыр Алашымның,  
Таңырқап жалпақ әлем қарасын бір.  
Шуына жақсы, жаман атын қосып,  
Буына қазақ, қырғыз таласып жүр.

Бақ табар бала кезден бата алған ұл,  
Ақтаған ана үмітің, ата арманың.  
Жүзіңнен нұрың таймай жүзге жеткің,  
Ғарышты тұңғыш жарған Қахарманым!

Мейрам ҚАРАСАРТОВ,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

## Ұлттың рухы – тілінде

тысы ниет қой» дейді.

Рас, егер Тоқтар Әубәкіров сол күйі қазақ тілін үйренбей кетсе де оны төбесіне көтеріп әспеттеген елі өкпелемес еді. Халықтың құрметі мен қошеметі кең ғой. Әйтсе де, туған ұлтына бүгінгідей жақын бола ала ма?! Қаны қазақ болса да тілі бөгде жанды жатсынып, бөтенсіп тұратынымыз жасырын емес қой. Өйткені, ондай жандардың бойында ұлттық сана мен ұлттық намыс, рух болмайды. Ал, бұл қасиеттер Батырдың қанында бар болып шықты.

Әрине, тілді үйренемін деп ниет қылу бір бөлек те, оны орындау мүлдем басқа әңгіме. Бүгінге дейін қазақша үйренем деген талай шендінің үдесін тыңдап, нәтижесін көрмей келдік қой. Тоқтар аға алдымен өзіне серт берген және сол сөзінде тұрған жан. Тіл үйрену үшін арнайы ұстаз жалдап, әріп ежіктеп отырмаған екен. Ана тілі құлағына музыканың әсерімен құйылып, алпыс екі тамырына тараған.

«Егер менде намыс болмаса, өз Ана тілімді үйренбес едім. Құпиямды айтай-

ын: мен тілді қазақ ән-жыр арқылы үйрендім. Кейінгі жастарға айтарым, орысша да, ағылшын тілін де үйренсін, бірақ ең бірінші қазақ тілін – өз ана тілінді біл. Қазақша үйренгісі келмейтін қазақтарды өздеріне-өзі қарсы адамдар деп санаймын. «Маған қазақ тілінің керегі жоқ, орысша сөйлей беремін» деген жұртты көп кездестірдім. Жарайды, өздері солай-ақ істесін. Бірақ, олар ата-бабаларын, түпқазығын өзгерте алмайды ғой. Бойдағы намыс – ұлттық болмыстың сақтаушысы. Ал оның астарында қаншама нәрсе жатыр», дейді Тоқтар аға Қасқырбай Қойшымановқа берген сұхбатында.

Тектілік адамға қанмен беріледі дейміз ғой. Сол сөздің дәлелі ретінде батырдың отбасын келтіріп өтуге болады. Әкесі орыс тілді болған соң одан туған ұлдардың да тілі шұбарланып кетуі заңды құбылыс. Тоқтар ағаның балалары да әу баста орыс тілді болған екен. Өзі қазақылыққа бет бұрған соң балаларынан да соны талап еткен, үйреткен. Мына құдіретті қарасаңызшы, кенже ұлы да дәл

қуаныштың көз жасы еді. Нұрбақыттың ризалығында шек жоқ, сөйтсек, Тоқаң Мәскеуден Астанаға ұшып келіп, күннің ақтүтек боранына, жолдың қиындығына қарамай, көлікке отыра салып, батыр қарындасын құттықтауға, алып-ұшып жеткен ғой.

Теміртауда тұратын нағашы әпкесі мен жездесі Нығмет Қыстаубаевқа деген Тоқаңның ерекше бір ризашылық сезімін байқағаным, сол Нығмет жездесінің отбасына қолынан келген көмегін көрсетіп, жағдай жасап, балаларына жағдай туғызып, жездесін кереметтей құрметтеді. Қай жерде кездесу болса, сол жерден қалдырмай, төрге шығаратын. Қарағанды облысы ғана емес, басқа аймақтарға апарып, елдің құрметін көрсетіп, шынайы сезіммен, туысқандық мейірімін аямайтын. Бұл сол кісілердің еңбегін ақтағаны, Нығмет ақсақалға білдірген ризашылығы деп ойлаймын. Отбасының ешбір қызық қуанышынан шет қалмайтын.

Осыдан 5 жыл бұрын өзінің 70 жасқа толған мерейтойының аясында Қарағандыда Тоқаңа деген айрықша құрметті ғарышқа бірге ұшқан экипажынан көрдім. Мәскеуден, Австриядан басқа да елдерден барлығы 15 шақты адам келді ғой, сонда оның ішінде біреу ұшқан экипаж толық құрамымен болды, барлығының Тоқаңа деген құрметі, ол кісі туралы небір игі тілек, жақсы лебіздерді айтып жеткізе алмай тұрған риясыз пейіл көңілдері, жарыса айтқан шынайы сөздері біздің мәртебемізді өсірген болатын.

Түркі әлемінің тұңғышы атанған батыр бауырымыздың кісілік келбеті мен жан жүрегінің ұлтына деген шексіз мейірім шуағы баршамызға ортақтығымен қымбат. Жанымыздай жақсы көретін асыл азамат аман болсын әрдайым деймін!

Рымбала ОМАРБЕКОВА,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ.



# Күміс айға ту қаққан»

## Батырдың кейбір сәттері



Ерсін МҰСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Аңшылар қостан ерте аттанған. Қыстың еріншек күні көкжиектен арқан бойы көтерілгенде, бұлар да жылқышылар қосынан дабырлай ұзап, тау бөктеріне ілігіп қалып еді. Шыңылтыр аз бет шымшиды. Үп еткен жел жоқ. Моторлы шананың үні ғана ақ мамыққа оранған самарқау даланың сабырын алып тұр. Желдің болмағаны – аңшылар үшін зор олжа. Түнімен жемтік қорыған қорқаудың ізі көмескілене қоймайды. Құдай біледі. Айыртастың бауырын айғыздап-ақ тастаған шығар тұз тағысы. Дәл қазір із кесу оңай. Батыр Тоқтардың дәмесі де осы еді.

Моторлы шананы ғарыш кемесіндей зулатқан батырдың бойы да, ойы да – сергек. Қостағы түн. Аспалы шам жарығымен таң бозарғанша әңгіме тиегін ағытқан. Анда-санда ұлыған қасқырдың үні келген құлаққа. «Тап, бәлем! Таң атысын!» деген батырекең.

...Ағаш астауға қамырсыз салынған ақ байталдың етін жапырақтап тұраған жылқышы жігіттің аузында дамыл жоқ. Арасында еттің шимандысын тоғытқан аузы әңгімені де ағытқан. Тоқаң сабырлы қалпынан ажырап емес. Жастыққа жан-тайған күйі әлгі жылқыш жылқышыны тыңдаудан жалыққан жоқ.

– Тоқа, деймін... Сіз – қазақтың тұңғыш ғарышкері, ғажап батырысыз! Біз Сізбен мақтанамыз! Сіздің аңға әуестігіңізді естіп жүрміз ғой... Біздің қостың үстімен Айыртасқа бір өтер деп, жолыңызды тосып жүр едім. Менде арман жоқ! Алла жазса, таңертең батыр Тоқаңмен бірге аң қағамын! Бүкіл ел білсін! Менің Тоқтар Әубәкіровпен аңға шыққанымды! Жолыңда құрбаның болайын, Тоқа! Һы-һы-һы...

Екіленген екпінмен бастаған әңгімесін жарасымсыздау күлкіге ұластырған жылқышы күрекеті алақанын етке толтырып алды да, тағы бір мәрте тоғытты ашқарақ ауызға. Семіз байталдың майы екі езуінен сорғалап, дастарқанға тамып жатыр. Оны елең қылар сабаз жоқ. Ине-жіптен шыққалы майдан көз аспаған майсінді майлықпен аузы-басын ебедейсіздеу сүйкей салды да, әңгімесін жалғады:

– Тоқа, деймін... Түнеу күні ғана екі жабағымды жайратып кетіп еді. Қап, бәлем, әузеліңді көрермін дегем. Сонда Сіздің келетініңізді білгендей айтқан екенмін. Таң атысын! Қанжығаңызды майлаймыз! Жолыңда құрбан болайын, Тоқа! Таң бозарғанша Тоқаңның жолына мың мәрте құрбан болған «мәрт» жігіттің мәңсіздеу әңгімесі мен мәдениетсіздеу қылығын жақтырмағаныммен, оның елге-зектігіне Тоқаңның іші жылып қалып еді. Әлгінде, үзенгіге аяқ ілерде:

– Бауырым, менің артыма мінгес. Әлгі екі жабағының жемтігіне қарай баста жолды! Ізді сол тұстан кесейік, – деген. Мылжың жылқышы қуанып кетті.

– О не дегеніңіз, Тоқа?! Жолыңда құр-

Тоқаң бір қолымен мылтықты, екінші қолымен «Үатаһаның» тізгінін берік ұстаған күйі мылжыңның оғына ілікпеген арланды оқшаулай берді. Ол да әбден діңкелеген болуы керек, аузы арандай ашылып, тілі салақтап кетіпті. Оның үстіне, алдыңғы күні ғана екі жабағыны жәу-кемдеген осы болса керек, жарықтық тоқ көрінді. Аяқтары да икемге көнбей келеді. Қанағатсыздықтың қақпанына, ашқарақтықтың мәресіне жақындап келеді. Сезеді жауыз... Айнала жал беріп, Тоқаңның оң қапталынан өте берген... Атып үлгерді баһадүр. Міне, ғажап! Оқ арланның салақтаған тіліне тиді. Сала құлаш тіл шорт кесіліп, онсыз да қаны құрғап көрмеген арлан-ауыздан бұрқ ете қалды қызыл қан. Жауыз ғой. Тұз тағысы! Жалт бұрылып, Тоқаңа тіке шапты. Соңғы ышқыны! Соңғы дем! Соңғы жанталас!

– Оқ әкел!

Жауап жоқ. Мінгескен мылжың арлан бұларға жақындаған сәтте шанадан секіріп кеткен. Батылы жетпеген. Арланмен бетпе-бет келуге. Қалың қарға күмп беріпті. Енді Тоқаң жанталассын! Оқ жоқ. Бір ғана амал – арланды мылтықпен соғу. Құлаштап сілтей берген... Құлағына әлдебір тылсымнан үн жетті. Анасының үні! Құлағының түбінен сыбырлап тұр. Сағынған дауыс! Аңсап жүрген аяулы үн! – Құлыным, тұмсығынан соқ! Тұм-

# Айыртастағы арпалыс

(қаз-қалпында)

бан болайын, Тоқа! Батырдың тұлпарына мінгескен менде не арман бар?! Кеттік, онда!

...Ізге жылдам ілікті. Аңғарғанға – әр күнгі ізде айырма бар. Мынау – кешегі. Мынау – бүгінгі. Түннен қалған айқын із тауға беттеді. Айыртастың бөктері шаңғытып тұр. Аяздың күштілігі-ау. Аса асқар болмаса да, Айыртастың басын тұман секілді бұлыңғыр әлем жайлап алыпты. Бейне бір ақ жаулықты кейуана дерсіз...

...Әне кетті! Алтау!

– Жолыңда құрбаның болайын, Тоқа! Кеттік! Қосылыңыз бүйірден! Қазір... Кешегі екі жабағымды желкеңнен шығарайын, атаңа нәлет, жауыз!

Екіленген мылжың жылқышыда дег-бір қалмады. Тоқаң да тізгін тежеп қалған жоқ. Шұғыл бұрылды да, тайыншадай арлан бастаған алтауға қарай оқша зулады. Мінгескен мылжың мылтықты оқтап алды. Обалы не, қимылы – ширақ. – Жолыңда құрбан болайын, Тоқа! Алдынан ораңыз! Өрге салып кетпесін! Алдын... Жолын кесе, қайырайық!

Дегенмен, әккілігі байқалып тұр. Арқа тесіндегі қаптап жатқан Айыртас, Айыртау атаулының барлығынан қанжығасы қанданбай қайтып көрмеген Тоқаңның аң қағуы бірінші емес. Тағының бөксесін терлетіп те, терлетпей алып жүр ғой. Салды қиғаштай...

Мылжыңның оңтайына келтірді ақыры. Гүрс! Мылтық үні. Тауға қарай қиғаш тартқысы келген біріншісі домалап түсті. Жарықтық, басын алдыңғы екі аяғының ортасына тыққан күйі бірнеше домалады. Қаншығы болса керек-ті. Дауысы ащы шықты. Оқ қалай, қай жеріне тиді? Онда ешкімнің шаруасы жоқ. Келесі...

Гүрс! Екіншісі кетті. Аққала соққан баланың дөңгелеткен қарындай домалап барады.

Гүрс! Үшіншісі... Апыр-ай, мына мылжың мерген шықты. Алтаудың үшеуі оққа байланған. Аппақ алаңқай қып-қызыл қанға бөкті. Тоқаң шыдай алмады: – Әй, бауырым, бізге де бірдеңе қалдырсаңшы! Біз де атайық та... Әкел мылтықты!

Моторлы шананың гүрілінен Тоқаңның не айтқанын толық естімесе де, мерген мылжың батырдың емеурінін анық таныған. Мылтықты ұмсына берді.

сығынан!

Алланың әмірімен жеткен рух үнінің айтқанын істеді Тоқаң. Соқты тұмсықтан! Арлан айналып түсті. Ұлапа қар бұрқ ете қалған. Жауыз есін жиғанша, мылтықты оқтау керек. Серігіне қол созды. Ол бай-ғұс қарға малтығып жатыр. Жан шықты, ес кетті күй кешіп жатқанын Тоқаң сезді. – Лақтыр! Тез!

Көк мылжың есін жиды, білем. Әйтеуір, Тоқаңа қарай екі оқ лақтырып үлгерді. Қарға түсіп, су болған оқты етегіне құрғатамын дегенше, арлан да есін жиған. Қайта ұмтылды. Тоқаңа қарай! Мылжың жылқышы қалың қарға басын тығып әлек... Бас сауғалаған түрі.

Мұндайды талай көрген Тоқаң саққан жоқ. Дегенмен, тілі жерге түскенмен, тісі аузында ғой тағының. Жазым етуі кәдік. Мылтықты оқтап та, арланды атып та үлгерді.

...Арлан – жерде. Мылжың – қалың қарда. Екеуі де қимылсыз жатыр. Арлан сол беті қимылсыз кетті мәңгіге. Мылжың сәлден кейін есін жиған. Ал, бұлардың оғынан аман қалған екі қасқыр тауды бетке алып, өрге тусықпен кеткен. Тоқаң ұзағанша жерге түспейді олар. Мылжыңға жан бітіп, тілі икемге келді:

– Садаған кетейін, Тоқа! Жолыңда құрбаның болайын, Тоқа! Сіз болмасаңыз, мен де екі жабағымның артынан кетеді екенмін ғой... Мына арланның ұлтабарына...

Тоқаң селт еткен жоқ. Мылжыңның «Құрбаның болайын!» дегені кешегідей әсерлі шықпады. Қосқа келгенше ләм-мим деп жақ аспаған Тоқаң қанжығалары қандаған төрт қасқырды да қосқа қалдырып, үндеместен жолға жиналды. Мылжың серігімен бас ізеп қана қоштасты да, тартып отырды.

– Құрбаның болайын, Тоқа! Тоқа, деймін...

Батыр жақ ашқан жоқ. Бұрылып та қарамады. Айыртасқа сол кеткеннен қайтып соқпады. Мылжың – қырт, батыр – мәрт!

...Быылғы қыста қасқыр көп болды Айыртаста. Мылжыңның біраз тай-жабағысы сыртандардың сыбағасына айналған. Көк мылжың сол жолғыдан кейін мылтық асынған жоқ. Жол тосады. Елең-дейді. Бірақ, Тоқтар батырдың енді қайтып келмейтінін бұл да білген сол күні...

Тағылым



# БАТЫРДЫҢ МАХАББАТЫ

«Әр мықты азаматтың үйінде бір текті әйел бар» дейді халық даналығы. Бүгінгі кейіпкеріміз – Қазақтан шыққан Тұңғыш ғарышкер, түбі бір Түркі жұртының мақтаншы Тоқтар ӘУБӘКІРОВКЕ де Жаратушы Иеміз сондай саналы жар сыйлаған. Оны журналистерге берген сұхбаттарында өзі айтып та жүр. Екеуі бір-бірінен алыстап кетсе, үнемі сағынып, іздеп тұрады екен. Ол бақытты ару – Татьяна МИХАЙЛОНА.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Құдай адамды жұп қылып жаратады» деген сөзге де осындайда сенбеске амал жоқ. Әйтпесе, қазақтың маңдайына біткен батыр ұлына бір қазақтың қызы табылмады дейсіз бе? Бұл – тағдыр. Демек, мірдің оғындай кесек-кесек сөйлейтін сойы бөлек Тоқтар Оңғарбайлы да жан жары Татьянаны адаспай тапты. 10 жылдай қыз-жігіт болған алғашқы махаббаты бұйырмай, Татьянадай текті сұлуды нәсіп етті. Бұл сөзімізге олардың ұзақ жыл отасқаны мен отбасындағы тату әрі берекелі өмірі дәлел.

Тоқтар ағамыз бір сөзінде: «Менің ғашық болуға деген түсінігім басқа. Қазіргі жастар басық болғанда өліп кете жаздайды. Бірақ, көп ұзамай ажырасады. Демек, ол махаббат емес. Есеппен үйлену. Ал, ғашық жандар қанша ренжіссе де ажыраспайды. Қиындықта да, қызықта да бірге болады. Сүйген адам қате сөйлесең де құптайды, бірақ «қате» деп жеке қалғанда айтады. Міне, мен білетін ғашықтық осындай. Мен Татьянама сондай қасиеттері үшін махаббатым» деген екен.

Сонымен қатар, Тоқтар Оңғарбайұлының жеңемізге деген адам сыйластығын бір сұхбатынан естіген едік.

Екінші ұлының аты – Михаил. Жары Татьянаның марқұм әкесінің есімі – Михаил екен. Әкесінен басқа ешкімі жоқ жеңгейдің. Екінші ұлының атын осылай батырдың әпкесі нағашы атасының құрметіне қойыпты. «Жақындарым жоқ деп өзін іштей төмендетпесін, отбасы дейтін киелі ошақта өзін тең дәрежеде сезінсін» деп осындай ерлікке барған. Шындағында, махаббат пен отбасыдағы сыйластықтың да ұлт таңдамайтынна тағы бір рет көз жеткіздік. Яғни, әңгіме жүрекке, жан үйлесімінде.

Ғаламторды ақтарып отырып, ғарышкердің «Гауһартас» әнін жақсы көретінін білдік. Жас кезінен радиодан сүйіп тыңдайды екен. Әсіресе, Бибігүл Төлегенованың орындауындағы нұсқа қатты ұнайтын көрінеді. Тіпті, Мәскеуде жүргенінде Бибігүл Төлегенованың концертіне арнайы барып, кейін жақын дос болып кеткен. Концерттеріне үзбей барып тұрған. Осындай махаббаттың символына айналған әнді сүйіп тыңдауының өзі оның пәк сезімге адал нағыз ер азамат екенін көрсетсе керек.

Жары Тоқаңа бірде балаларының қандай мамандықты таңдауы жайы сөз болғанда: «Бір үйге бір қорқытатын адам жетеді. Басқалары қуантсын» депті. Бұл да жарының өзіне нәм балаларына деген үлкен махаббатынан болса керек.

«Халық қаһарманына неге қаптаған қыздың ішінен қалай орыс қызын

таңдадыңыз?» деген сұрақ сұхбат барысында жиі қойылады екен. Кезекті бір сұхбатта бұл сұраққа: «Жас кезімде біріншіден жұмыстан бас көтермедім. Өз саламның шыңына шыққым келді. Менің ұстанымым сондай. Әр адам өзі сүйген саланың шыңына шығуы керек. Сол үшін барын салуы қажет. Мен де сөйттім. Арманым жеттім. Оны ел біледі. Оның үстіне мен көп жыл Қазақстанға келе алмай, жұмыс бабымен қиыр Шығыста жүрдім. Ол жақта бірде-бір қазақ қызы жоқ. Ауылға келгенде 1-2 күннен соң қайта кетесің. Қызбен танысуға уақыт жоқ. «Мынау сенің жарың болады» деп Алла Тағаланың маңдайға жазғаны осы болар. Жетім қыз болса да жылатқан емеспін. Ұлты басқа болса да екеуміз бір кісідейміз. Жанымыз бен жүрегіміз бірігіп кеткен. Менде достарымды, әйелімді және телефон нөмірімді ауыстырған емеспін» деп сөзін әзілмен түйіндепті ғарышкер.

Ал, осыншама аңызға арқау болып, батырдың өмірінің мәні мен сәнінен айналған Татьяна жеңгеміз де жаны жайдары, жүзі жарқын, жүрегі кең жан екен. Оны Тоқтар ағамыз жайлы бағдарламалардан көріп жүрміз. Ақеуінің саф махаббаты жақында: «Адамдар таза ауамен дем алғысы келеді. Ал, мен қасымда Тоқтар бар кезде ғана өзімді толық адам ретінде сезінемін. Сонда ғана таза ауа менің тынысымды аша түседі» депті жары Татьяна бір сұхбатында.

Батырдың Тимур, Михаил есімді екі ұлы нәм Құдай берген бес немересі бар. Бір немересінің есімі – Тоқтар. «Мен балаларыма және немерелеріме ат қойған емеспін, көбім апаларым қойған» дейді батыр. Мұның өзі жарына деген құрмет деп ұқтық...

Тоқтар Оңғарбайұлы отыз жылдай Ресейдегі Микоян атындағы мекемеде білдей жауапты қызметтер атқарған. «Ол жерде жұмысым құпия еді. Тіпті, куәлігімде жай ғана «жүргізуші» деп жазылған болатын. Бірақ, еліме қайтқым келді. Әйеліммен ақылдасып едім, «Осында келгенде елім үшін деп келген едің, енді елің үшін оралуың керек. Сен өз еліне керексің, қайтайық» деді», – деп ағынан жарылады ғарышкер тағы бір сұхбатында.

Міне, өзге ұлттың қызы бола тұра ер азаматына, еліне, жеріне деген құрмет – бұл. Тоқтардай батыр ағамыз осылайша бізге әр істеген ізгі ісімен, адамгершілігімен, ерекше болмысымен, тіпті, махаббатымен де қашан да үлгі. 40 жылдам астам бірге қол ұстасып, өмірдің қызығы мен шығығын бірге татып келе жатқан Батырдың махаббаты – осындай.

Бір сөзінде: «Ендігі арманым жұрпақтарыман біреуі жолымды жалғаса» деп армандапты.

Сол арманның орындалуын біз де Аллдан тілейміз!

## • Батырдың орамды ойлары •

1. «...Анамның алдында өзімнің ер жігіт екенімді көрсеткім келді. Бұл бергі жағы. Ал, арғы жағын айтар болсам, ол – қазақтың намысы. «Біз де, қазақтар, жұмыс істей аламыз! Ісіміз ешкімнен кем болмайды!» деген намыс болды...»

\*\*\*

2. «Ресейдің маңдайалды әскери мектебінде оқыдым. Маған Ресей: «Қиыр Шығыстың ең мықты ұшқышы!» деген баға берді. Мұның түбінде қазақтың намысы жатты. Менен басқа ол өңірде бір қарақөз жоқ».

\*\*\*

3. «...Жылқы – қазақтың жаны ғой. Мен сәйгүліктерді ата-бабамыздың дәстүріне сай өте жақсы көремін, кербес жануарларға қарап сүйсінемін, менің ермегім сол. Жылқылардың өрісте құйрық-жалдарын төзіліп, шауып жүргенін тамашалауды мен ғана емес, балаларым да ұнатады, бұл дегеніңіз –

тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық қой...»

\*\*\*

4. «...Мен емес ғарышқа ұшқан... Мен денемді апардым. Қазақ ұшты. Қазақтың рухы ұшты. Олай болса, мен неге қазаққа қарсы қолқым керек?..»